

Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2015 жылғы 4 мамырдағы № 36/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 маусымда N 3270 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы мәслихатының 2016 жылғы 27 сәуірдегі N 2/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы мәслихатының 27.04.2016 N 2/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабы 4) тармақшасына және "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығына сәйкес, Тимирязев аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы мәслихатының 22.09.2015 N 40/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі – кемтар балалар) ата-аналарының және өзге де заңда өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі – оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) тоқсан сайын әр балаға 6,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Келесі тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алуды "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі тиісті оқу жылының барысында жүргізеді;

2) үйде оқытылатын мүгедектер қатарындағы кемтар балаларға шығындарды өндіріп алу (толық мемлекет карауындағы мүгедек балалардан басқа) ата-анасының біреуіне немесе мүгедек балалардың басқа заңды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы келесі

құжаттарды:

"Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген, осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес, өтінішті;

алушының жеке басын куәландыратын құжатты;

тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның

қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;

банктегі шоттың болуы туралы құжатты;

"Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген, осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес, кемтар баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасын ұсынады;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның

қорытындысында көрсетілгендей, кемтар баланы үйде оқытудың қажеттілігі танылған жағдайда, өтініш берген айдан бастап тағайындалады;

5) шығындарды тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек баланың он сегіз жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектікті алып тастау, мүгедек баланың интернат-үйі немесе санаторлық мектепте оқып жатқан кезеңінде), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы мәслихатының 22.09.2015 N 40/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
XXXVI сессиясының төрағасы

И. Аллахяров

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

С. Мұстафин

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 04
мамырдағы № 36/4 шешіміне 1-қосымша

Жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген
мемлекеттік ұйымның басшысы

(жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген мемлекеттік ұйым басшысының Т.А.Ә.)

ӨТІНІШ

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

туған күні _____

мүгедектігі _____

үйінің мекенжайы _____

телефоны _____

жеке басын куәландыратын құжаттың № _____ жылғы _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (болған кезде) _____

тағайындауға құжаттарды қабылдауды сұраймын.

Мынадай құжаттардың көшірмелерін қоса беріп отырмын:

1 _____ 2 _____

3 _____ 4 _____

5 _____ 6 _____

7 _____ 8 _____

9 _____ 10 _____

Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындауға қажетті дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Құжаттарды _____ қабылдады: _____
(лауазымы, Т.А.Ә. және қолы) (өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы)

20__ ж. " __ " _____

20__ ж. " __ " _____

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 04 мамырдағы № 36/4 шешіміне 2-қосымша

АНЫҚТАМА

берілді,
(оқитын және тәрбиеленетін баланың Т.А.Ә.)

ол шын мәнінде _____ № _____ мектептің

(мектептің атауын көрсету)

" ___ " сыныбында жеке оқу жоспары бойынша үйде оқиды.
Анықтама талап еткен жеріне ұсыну үшін берілді.

_____ № __ мектеп директоры

(мектептің атауын көрсету)

Т.А.Ә. _____

(аты-жөні және қолы)

М.О.